

97-ҚАДЫР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Бес аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.


Негізінен Құранды Қадыр түнінде түсірдік. (1) (Мұхаммед F.C.) Қадыр түннің не екенін білесің бе? (2) Қадыр түні мың айдан хайырлы. (3) Періштелер және Жеберейіл (F.C.) ол кеште Раббыларының рұхсаты бойынша барлық іс үшін түседі. (4) Ол бейбітшілік кеші, таң рауандағанға дейін жалғасады. (Қадыр кеші: Рамазан айының 27-кеші. (2-С.185-А.) Б.К.Р.Х.Т.)(5)

98-БӘЙЙНА СҮРЕСІ

Мединеде түскен. Сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Кітап иелерінен, мүшріктерден қарсы шыққандар, өздеріне бір ашық дәлел келгенге дейін қарсылықтарынан айрылмақшы емес еді. (1) (Ал бұл дәлел) тап-таза нұсқаларды оқитын Алла тарапынан жіберілген бір Пайғамбар (еді.) (2) Ол нұсқаларда ең тура үкімдер бар. (3) Дегенмен өздеріне



кітап берілгендер, оларға ашық дәлел келгеннен кейін-ақ бөлінді. (4) Олар; ғибадатты, нағыз Аллаға шынайы ынтамен бір беткей түрде орындаулары, намаз оқулары, зекет берулері үшін әмір етілген. Міне осы, түп-тура дін. (5) Сөз жоқ, сондай кітап иелерінен, мүшріктерден қарсы шыққандар, мүлде тозақ отында қалады. Міне солар, жаратылғандардың жауызы. (6) Күдіксіз сондай иман келтіріп, түзу іс істегендер; міне солар, жаратылғандардың жақсысы. (7)